

Қараша айы

Өтпелі тақырып: «Дені сауудың жаны сау»

Мақсаты: баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінезқұлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіруге бағытталған

1-апта «Өзім туралы»			
Денсаулық Дене шынықтыру	Коммуникация Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет	Таным Қарапайым математикалық ұғымдарды алыптастыру Жаратылыстану .Құрастыру	Шығармашылық Сурет салу Музыка
1. Дене шынықтыру Еңбектеу Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Еденге қойылған такта бетімен еңбектеу.	Сөйлеуді дамыту «Мен және менің дене мүшелерім» Өзінің дене мүшесін ажыратып атауға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға, сөздерді жіктеуге, қарай байланыстыруға үйрету.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру. «Сол жақта – оң жақта. Заттарды сәйкестендіру.» Сол жақта – оң жақта кеністік түсініктерін қалыптастыру, өзінен тікелей бағыттағы кеністікті ажырата білуге үйрету. Саны жағынан әрқелкі заттарды салыстыруды: қағаздың оң жақ – сол жақ бетін таба білуді; қайсысы оң қол, қайсысы сол қол екендігін ажыратуды; қоршаған ортада дөңгелек пішінді заттарды сезім-қозғалыс және көру қабілеті арқылы табуды қалыптастыру. Педагогтің тапсырмасын орындауға үйрету. Өз дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету.	Сурет салу «Қуыршаққа арналған сақина» (заттық с/с) Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, күннің суретін салу оны бояумен бояуға үйрету.
2. Дене шынықтыру Секіру. Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Еденге қойылған такта бетімен еңбектеу. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру.	Көркем әдебиет «Альбомдағы ақ беттер туралы» ертегі (Қарлығаш б.о.э. к 33 бет) Өзі, дене мүшелері туралы әңгімелесу, тақырыпқа сәйкес шығармадағы бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрет.	Құрастыру «Диван және төсек» Әртүрлі пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыруға үйрету	Музыка. «Қайсы екен қолымыз» Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңі-күйі танытуға, әнді ширақ айтуға, жоғары және төменгі дыбысталуды ажыратуға үйрету
3. Дене шынықтыру Лақтыру Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Дөптің екі қолымен көкірек тұсынан лақтыру.		Жаратылыстану Менің сезімдерім Мақсаты: Адамның сезімдері туралы түсінік беру; бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту; сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Музыка. «Қайсы екен қолымыз» Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңі-күй танытуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындай білуді жалғастыру